«Азаматтарға арналған үкімет»
мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық
емес акционерлік қоғамының Ақтөбе
облысы бойынша филиалының Ақтөбе
қалалық тіркеу және жер кадастры бөлімі
ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА
ТІРКЕУ 20 2 ж. «13» 08 ЖҮРГІЗІЛДІ
БСН 960540 001233
№ 1025 - 1904 - ТОО-АК
Бастапқы тіркелген күні
1996 ж. «6» 08

КӨШІРМЕСІ
КОПИЯ

**Жалғыз акционердің**
**2021 ж. «22» шілде**
**№ 11 шешімімен бекітілді**

# «ӘЛИЯ МОЛДАҒҰЛОВА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘУЕЖАЙЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ЖАРҒЫСЫ

**Ақтөбе қ., 2021 ж.**

## 1 БАП. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы "Әлия Молдағұлова халықаралық әуежайы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) Жарғысы Қазақстан Республикасының Ата Заңы, Азаматтық Кодексі, «Акционерлік коғамдар туралы Қазакстан Республикасының Заңына және Қазакстан Республикасының басқа да нормативтік құкыктык актілерімен сэйкес дайындалған, және атауын, орналасқан жерін, қалыптасу тэртібі мен коғам органдарының құзыретін, кайта ұйымдастыру және өз кызметін тоқтату шаралары мен Қазақстан Республикасының заңнамасына кайшы келмейтін басқа жағдайларын белгілейді.

2. Қоғамның толық атауы:

мемлекеттік тілде: "Әлия Молдағұлова халықаралық әуежайы» акционерлік қоғамы;

орыс тілінде: акционерное общество «Международный аэропорт Алия Молдагулова»;

агылшын тілінде: Joint-Stock Company «Aliya Moldagulova International Airport».

Қоғамның қыскаша атауы:

мемлекеттік тілде: «ӘМХӘ» АҚ;

орыс тілінде: АО «МААМ»;

ағылшын тілінде: JSC «AMIA ».

3. Қоғамның аткарушы органының орналасқан жері: Қазакстан Республикасы, 030000, Ақтөбе облысы, Ақтөбе каласы, Астана ауданы, Бөгенбай батыр көшесі, 44 ғимараты.

4. Қоғам қызметінің мерзімі шектелмеген.

## 2 БАП. ҚОҒАМНЫҢ ЗАҢДЫҚ МӘРТЕБЕСІ

5. Қоғам акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық түрінде құрылған заңды тұлға болып табылады және өзінің кызметін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі, «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңы және өзге нормативтік құкықтык актілері (бұдан эрі - заңнама) осы Жарғы және Қоғамнын баска да ішкі құжаттары негізінде жүзеге асырады.

Қоғам қызмет көрсету аумағында ерекше жарғылык мақсаттарымен заңды тұлға болып табылады.

6. Қоғам ірі кәсіпкерлік субъектісі болып табылады.

7. Қоғам Қазақстан Республикасында және заңды тұлға болып табылмайтын шетелдерде филиалдар мен өкілдіктерін аша алады, оларға меншікті қаражат есебінен негізгі және айналым қаражаттарын бере алады және олардың қызмет тәртібін анықтай алады. Филиал немесе өкілеттіктердің мүлігі Қоғам балансында есептеледі.

8. Филиал немесе өкілеттіктердің қызметін басқару Қоғам Басқармасымен тағайындалган тұлғалармен басқарылады. Қоғам Басқарма Төрағасымен берілген

сенімхат негізінде филиал және өкілеттіктердің басшылары қызметін іске асырады.

9. Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметі мүліктік, экономикалық және қаржылық дербестік негізінде жүзеге асырылады.

10. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен қарастырылған жайлардан басқа, өзіне тиесілі акция бағасының шегінде, Қоғам өзінің Жалғыз акционердің мүлігінен жекеленген мүлігіне ие, оның міндеттемелеріне жауапты бола алмайды, сондай-ақ Жалғыз акционер де Қоғамның міндеттемелері бойынша жауапты емес және Қоғам қызметімен байланысты шығынға тәуекел жасайды.

Қоғам өз міндеттемелері бойынша өз мүлік шегінде жауапты.

11. Қоғамның дербес балансы, мемлекеттік және орыс тілдерінде толық атаулары көрсетілген мөрі бар.

12. Қоғам мүлікті өз атынан сатып алады және жеке мүліктік емес құқықтарды жүзеге асырады және міндеттерге жауапты, соттарда талапкер және жауапкер ретінде шығады, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа іс-әрекеттерді іске асырады.

13. Қоғамның Қазақстан Республикасының заңнамасының белгіленген тәртібінде тіркелген тауарлық белгісі және символикасы бар, сондай-ақ мемлекеттік, орыс және керек жағдайда өзге тілдеріндегі мөртаңбалары, фирмалық бланкілері және көрнекі сәйкестендірудің баска да құралдары бар.

14. Қоғам мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап занды тұлға құқығына ие болады.

15. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына қатал сәйкестікте, қызметтік этиканың көпшілікпен қабылданған (әдет-ғұрып) принциптерімен, осы Жарғымен, корпоративтік менгеру Кодексінің ережелерімен және өзінің шарттық міндеттемелерімен әрекет етеді.

16. Қоғам Қазақстан Республикасының аумағында және оның шегінде орналасқан банкілерде және басқа қаржы ұйымдарында, Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртіпте ұлттық және шет елдік валютада шот ашуға құқылы.

17. Қоғамның Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртібінде, құнды қағаздарды шығаруға және оны орналастыруға, құнды қағаздарды сатып алуға, сондай-ақ өндірістік қаржылық құралдары арқылы өзінің қаржы тәуекелдерін сақтандыруға мүмкіншілігі бар.

18. Қоғам уәкілетті органдарға белгіленген уақытта бухгалтерлік, статистикалық және қаржылық есеп береді.

19. Қоғам қызмет нәтижесінде табиғатты қорғау орталығын ластау және басқа зиянды болатын әсерлерге жауапты.

20. Қоғам қызметкерлердің еңбегін қорғау үшін және объектілердің өрт қауіпсіздігі үшін жауапты.

## 3 БАП. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫ

21. Осы Жарғы Қоғамның құрылтай құжаты болып табылады.

22. Барлық мүдделі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қоғамның осы Жарғысымен танысуға құқылы.

## 4 БАП. ҚОҒАМНЫҢ НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІ МЕН МАҚСАТТАРЫ

23. Қоғам қызметінің мақсаттары:

1) Қоғамның алдағы дамуына ықпал ететін табыстылық деңгейіне қол жеткізу;

2) әуежайдың техникалық жабдықтарын халықаралық стандарт талабына сәйкестендіру;

3) әуежайдың инфрақұрылымын жақсарту, жоспарлы және кешенді дамуы;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасы мен халықаралық стандартқа сәйкес әуе кемелеріне, жолаушыларға, жүкке, поштаға тиімді, қауіпсіз, тұрақты қызмет көрсетуді қамтамасыз ету;

5) коммерциялық қызметтен табыс алу;

24. Қоғам көздеген мақсаттарға жету үшін, төмендегі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) әуе кемелерінің ұшу-қонуын қамтамасыз етуді;

2) авиациалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді;

3) әуе кемесі тұрақ орнына қонғаннан кейін жолаушылар кемесі үшін 3 сағаттан артық, жүк және жүк жолаушы сертификатталған түрдегі әуе кемесі үшін жүгі болған жағдайда (пошта, өңдеуге жататын (түсіру мен тиеу) 6 сағат тұрақ орнының беруді;

4) әуе кемесіне базалық әуеалаңнан тұрақ орынын беруді;

5) азаматтық әуе кемелерін, әуе объектілері мен әуежай қызметкерлерін жанар-жағармай материалдары мен арнайы сұйықтармен қамтамасыз етуді;

6) жолаушыларға қызмет көрсету мен жүктерді өңдеуге;

7) әуежай қызметтері;

8) Қазақстан Республикасынын заңнамасымен тыйым салынбаған, негізгі мақсатқа жетуге мүмкіндік туғызатын, басқа да қызметтер.

25. Егер қандай да бір қызмет түрін, оның ішінде жоғарыда аталған басқа да қызмет түрлерін жүзеге асыру құзыретті органның рұқсаты (лицензиясы, сертификаты) не халықаралық органдардың тіркелуі және/немесе рұқсаты қажет болған жағдайда Қоғам қызметтің осы түрін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен оған сәйкес тиісті рұқсат (лицензия, сертификат) алғаннан кейін жүзеге асырады.

## 5 БАП. ҚОҒАМНЫҢ ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРІ

26. Қоғамның органдары:

1) жоғары орган - Жалғыз акционер;

2) басқару орган - директорлар Кеңесі;

3) атқарушы орган - Қоғам Басқарма Төрағасымен басшылық ететін, Қоғам Басқармасы;

4) Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды, ішкі бақылаудағы бағалауды, тәуекелдерді басқаруды, Корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың орындалуын бағалауды және Қоғам қызметін жетілдіру мақсатында кеңес беруді жүзеге асыратын орган - Ішкі аудит қызметі.

## 6 БАП. ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ ҚҰҚЫҒЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

27. «Ақтөбе облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі Қоғамның Жалғыз акционері болып табылады.

28. Қоғамның Жалғыз акционері құқылы:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда көзделген тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысуға;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның Жарғысында көзделген тәртіппен дивиденттер алуға;

3) Қоғамның қызметі туралы ақпараттар алуға, соның ішінде Қоғамның Жалғыз акционерімен немесе осы Жарғыда белгіленген тәртіп бойынша Коғамнын каржылық есептемесімен танысуға;

4) Қоғамның құнды қағаздарына меншік құқығын дәлелдейтін, Қоғамның тіркеушісінен немесе атаулы ұстаушыдан көшірме қағаз алуға;

5) Қоғамның директорлар Кеңесін сайлауға;

6) Коғам органдары қабылдаған шешімдерді сот тәртібімен даулауға;

7) Жеке немесе басқа акционерлермен бірігіп иеленген кезде Заң баптарында қарастырылған Қоғамның лауазымды тұлғалары мен олардың аффилирленген тұлғаларының ірі мәмілелер және (немесе) жасалуына мүдделі мәмілелер жасасу (жасасуға ұсыныс) туралы шешімдер қабылдау нәтижесінде алған пайданы (табысты) Қоғамға өтеуі туралы талаппен сот органдарына өз атынан жүгінуге құқылы;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қоғамның акцияларын немесе оның акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарын басымдықпен сатып алу;

9) Қазакстан Республикасының заңнамаларындағы нормаларды және осы Жарғыны бұзатын Қоғам органдарының жасаған іс-әрекеттерін мемлекеттік органдарға өз құқықтарын және заңды мүдделерін қорғау үшін шағымдануға;

10) Директорлар Кеңесінің отырысын шақыруға талап етуге;

11) аудиторлық ұйымнан Қоғамның өз есебінен аудит жүргізуді талап етуге;

12) Қазакстан Республикасының заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес Жалғыз Акционердің қарауына енгізу бойынша қосымша сұрақтарды қосу үшін Директорлар Кеңесіне ұсынуға;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте өз құқықтары бұзылған жағдайда өтемақы алуға;

14) Қоғам өкілдерімен Жалғыз акционердің негізгі құқығын сақтау сұрақтарын және корпоративтік басқару саясатын талқылауға;

15) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша жүгінуге және осы сұраным Қоғамға түскен күнінен бастап 30 (отыз) күннің ішінде дәлелді жауаптарды алуға.

29. Осы бапта көрсетілген Жалғыз акционердің құқықтары түпкілікті болып табылмайды. Жалғыз акционер Қазақстан Республикасының заннамасына және осы Жарғымен сәйкес басқа құқықтарды қолдануға мүмкіншілігі бар.

30. Қоғамның Жалғыз акционері міндетті:

1) акцияларды төлеуге;

2) қажетті мәліметтердің өзгерілуі туралы, Қоғамның акцияны ұстаушыларына тізілім жүргізу үшін, Қоғам тіркеушісіне және Жалғыз акционерге тиесілі, акцияларды тұрақты ұстаушыларына он күн арасында хабарлауға;

3) Қоғам туралы ақпаратты немесе оның қызметін құрайтын қызметтік, коммерциялық немесе өзге заңмен қорғанылатын құпияны жариялауға;

4) өзіне тиіселі акцияларды сату бойынша келісім шартын жасау мақсаты туралы Қоғамды хабардар етуге;

5) Қоғам Басқармасының Төрағасын сайлау туралы шешім қабылданғаннан кейін уәкілетті тұлғаның Жалғыз акционермен онымен еңбек шартын жасасуын қамтамасыз етуге міндетті;

6) Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге заңнама актілерімен қарастырылған өзге қызметтерді орындауға.

## 7 БАП. ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ АЙРЫҚША ҚҰЗЫРЕТІ

31. Қоғамның барлық дауыс беретін акциялары бір акционерге тиесілі болғандықтан, акционерлердің жалпы жиналысы өткізілмейді. Заңда және Қоғамның осы Жарғысында акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді Жалғыз акционер жеке-дара қабылдайды және жазбаша түрде ресімделеді.

32. Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатқызылады:

1) Қоғамның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе жаңа редакцияда бекіту;

2) Корпоративтік басқару Кодексін, сондай-ақ оған енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

3) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;

4) Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгертуі туралы шешім қабылдау;

5) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбасталым шарттары мен тәртібін айқындау, сондай-ақ оларды өзгерту;

6) Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;

7) орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, осындай айырбастаудың шарттарын, мерзімдерін және тәртібін айқындау;

8) есеп комиссиясының сандық құрамын және өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

9) директорлар Кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ директорлар Кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақы төлеудің мөлшері мен шарттарын айқындау;

10) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау;

11) Қоғамның жылдық қаржылық есептемесін бекіту;

12) Қоғамның есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;

13) Қоғамның жай акцияларына дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдау;

14) Қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;

15) Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомадағы активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы Қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы не өзге заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;

16) Қоғам акцияларды заңға сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта сатып алған кезде олардың құнын айқындау әдістемесіне өзгерістерді бекіту (егер оны Құрылтай жиналысы бекітпесе, әдістемені бекіту);

17) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;

18) егер мұндай тәртіп Қоғамның жарғысында айқындалмаса, Қоғамның қызметі туралы ақпарат беру тәртібін айқындау;

19) «Алтын акцияларды» жүргізу немесе жою;

20) нәтижесінде акционерлік қоғам активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайызы сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле туралы шешім қабылдау күніне құны акционерлік қоғам активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайызын құрайтын мүлікті нәтижесінде қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) ірі мәмілені қоғамның жасасуы туралы шешім қабылдау;

21) Қоғам Басқармасының сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, Қоғам Басқармасының Төрағасын және Басқарма мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

22) Қоғам Басқармасының Төрағасы мен мүшелерінің лауазымдық жалақыларының мөлшерін және еңбегіне ақы төлеу шарттарын айқындау;

23) Қоғам Басқармасы мүшелерінің басқа ұйымдарда жұмыс істеу және/немесе лауазым (дар) ды атқару мүмкіндігіне қатысты келісім беру туралы шешімдер қабылдау;

24) шешімдер қабылдау Заңнамамен және (немесе) Қоғамның Жарғысында Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

33. Егер заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, шешім қабылдау Қоғамның Жалғыз акционерінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді Қоғамның басқа органдарының, лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің құзыретіне беруге жол берілмейді.

34. Жалғыз акционер Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Қоғамның өзге органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

## 8 БАП. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

35. Қоғамның директорлар Кеңесі Қоғамның Жалғыз акционерінің және Қоғам Баскармасының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

36. Директорлар Кеңесінің қызметі парасаттылық, тиімділік, белсенділік, адалдық, жауапкершілік және дәлме-дәлдік қағидаттарына негізделеді.

37. Директорлар Кеңесі өз функцияларын осы Жарғыға, Қоғамның корпоративтік басқару Кодексіне, Директорлар Кеңесі туралы ережеге және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

38. Директорлар Кеңесі корпоративтік саясатты және дауды реттеу ережелерін кезең-кезеңімен қайта қарап және дайындайды, соның барысында оның шешімі Жалғыз акционердің және Қоғамның мүдделеріне барынша жауап беретін, заңды да және негізді болып табылады.

39. Өз міндеттерін орындауға мүмкіншілігін беретін, сәйкес нысанда және тиісті сападағы ақпаратты мезгілінде директорлар Кеңесіне ұсынуға міндетті.

40. Директорлар Кеңесі өз отырыстарының толық хаттамаларын жүргізеді, онда барлық мәселелердің талқылануы тиісті түрде тіркеледі. Хаттамаға Қоғамның директорлар Кеңесінің мүшелері мен Корпоративтік хатшы қол қояды және ол дауыс берудің дербес нәтижелерін қамтиды. Қоғам Директорлар кеңесінің бетпе-бет отырыстарының стенограммаларын сақтайды.

## 9 БАП. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ АЙРЫҚША ҚҰЗЫРЕТІ

41. Директорлар Кеңесінің айрықша құзыретіне келесі мәселелер жатқызылады:

1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын, Қоғамның даму стратегиясын айқындау, Қоғамның даму жоспарын (Бизнес жоспарын) бекіту, сондай-ақ Даму жоспарының (Бизнес жоспарының) орындалуына мониторинг жүргізу;

2) жарияланған акциялар саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

3) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

4) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;

5) директорлар кеңесінің комитеттері туралы Ережелерді бекіту;

6) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;

7) Қоғамның Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін, оның бастығын және мүшелерін тағайындау, Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру мөлшері мен шарттарын айқындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуы;

8) Қоғамның корпоративтік хатшысын тағайындау, өкілеттік мерзімін анықтау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Қоғамның корпоративтік хатшысының лауазымдық жалақысының мөлшері мен сыйақы шарттарын анықтау;

9) қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудиторлық ұйымның, сондай-ақ Қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміленің нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін айқындау;

10) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Жалғыз акционер, сондай-ақ Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында Басқарма қабылдайтын құжаттарды қоспағанда), оның ішінде аукциондар өткізу және Қоғамның бағалы қағаздарына жазылу шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;

11) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы Ережелерді бекіту;

12) Қоғамның басқа заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) 10 (он) және одан да көп пайызын сатып алуы (иеліктен шығаруы) туралы шешім қабылдау;

13) Акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) 10 (он) және одан да көп пайызы Қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

14) Қоғамның міндеттемелерін оның меншікті капиталы мөлшерінің 10 (он) және одан да көп пайызын құрайтын шамаға ұлғайту;

15) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты айқындау;

16) Заңға сәйкес Жалғыз акционермен қабылданатын ірі мәмілелерді қоспағанда, Қоғамның мүдделілігі бар мәмілелерді және ірі мәмілелерді жасау туралы шешімді қабылдау;

17) мәселелерді Қоғамның Жалғыз акционерінің қарауына шығару;

18) ішкі аудит қызметінің жылдық аудиторлық жоспарын бекіту;

19) Қоғам Басқармасы туралы Ережені бекіту;

20) тәуекелдерді басқару Ережесін бекіту;

21) Басқарма мүшелері үшін қызметтің уәжді басты көрсеткіштерін (ҚБК) бекіту, сондай-ақ оларға қол жеткізу мониторингін жүзеге асыру;

22) Қоғам Басқармасының Төрағасы мен мүшелеріне сыйлықақы беру туралы шешім қабылдау;

23) Қоғамның ұйымдық құрылымын және штат кестесін бекіту;

24) Заңда және (немесе) Қоғамның Жарғысында көзделген, Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

42. Директорлар Кеңесінің мүшелері Қоғамның жай-күйіне мониторинг жүргізу керек және Басқарма мүшелерімен, Қоғам қызметкерлерімен тұрақты байланыста болуға тиіс.

43. Директорлар Кеңесі Жалғыз акционерге Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне жүргізілген тексерулердің нәтижелері туралы ақпарат беруді бақылауды жүзеге асырады;

44. Директорлар Кеңесі жалғыз акционерге Қоғамның жылдық есебінің құрамына енгізілетін директорлар Кеңесінің қызметі туралы жылдық есепті ұсынады;

45. Директорлар Кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуге Қоғам Басқармасына беруге болмайды.

Директорлар Кеңесінің Жарғыға сәйкес Қоғам Басқармасының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

## 10 БАП. ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІН САЙЛАУ

46. Қоғамның акционері болып табылмайтын және директорлар Кеңесіне акционер мүдделерінің өкілі ретінде сайлауға ұсынылмаған (ұсынылмайтын) жеке тұлға директорлар Кеңесінің мүшесі бола алады.

47. Қоғамның Баскарма Төрағасынан басқа Қоғам Басқармасының мүшелері директорлар Кеңесіне сайлана алмайды. Қоғам Басқармасының Төрағасы директорлар Кеңесіне Төрағасы болып сайлана алмайды.

48. Заңды тұлға директорлар Кеңесінің мүшесі бола алмайды.

49. Қоғамның директорлар Кеңесінің сандық құрамын Жалғыз акционер анықтайды. Директорлар Кеңесі мүшелерінің саны 3 (үш) адамнан кем болмауы тиіс. Қоғам Директорлар Кеңесінің құрамы кем дегенде 1/3 тәуелсіз директорлар болуы керек. Директорлар Кеңесінің уәкілеттік мерзімі директорлар Кеңесінің жаңа құрамы сайланған күні аяқталады.

50. Директорлар Кеңесінің мүшелері қызметтік міндеттерін орындамаған кезде, сондай-ақ осы Жарғыда көзделген өзге де жағдайларда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Жалғыз акционердің шешімі негізінде кез келген уақытта қызметінен шеттетілуі мүмкін.

51. Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімі бойынша Директорлар Кеңесінің мүшелеріне олардың міндеттерін орындау кезеңінде сыйақы төленеді және (немесе) олардың Қоғамның Директорлар Кеңесі мүшелерінің функцияларын орындауына байланысты шығыстар өтеледі. Мұндай сыйақылар мен (немесе) өтемақылардың мөлшері Жалғыз Акционердің шешімімен белгіленеді.

52. Мемлекеттік қызметшілер болып табылатын және лауазымдық міндеттеріне сәйкес өз өкілеттіктерін жүзеге асыратын директорлар Кеңесінің мүшелері Қоғамның директорлар Кеңесінде өз өкілеттіктерін жүзеге асырғаны үшін сыйақы алмайды.

## 11 БАП. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ

53. Директорлар Кеңесінің Төрағасын Қоғамның Жалғыз акционері сайлайды. Қоғамның директорлар Кеңесінің Төрағасы лауазымына кандидатура жөнінде ұсынысты Жалғыз акционер енгізе алады.

54. Директорлар Кеңесінің Төрағасы директорлар Кеңесіне басшылық жасайды, оның жауапкершілігі саласының барлық қыры бойынша директорлар Кеңесінің тиімді қызметін қамтамасыз етеді және директорлар Кеңесімен бекітілетін отырыстың күн тәртібін белгіленген тәртіп бойынша дайындайды.

55. Директорлар Кеңесінің Төрағасы корпоративті хатшымен бірге директорлар Кенесінің мүшелерінің уақтылы, нақты, әрі дұрыс ақпарат алуын қамтамасыз етеді.

56. Директорлар Кеңесінің Төрағасы Жалғыз акционермен тиімді байланысты қамтамасыз етеді.

57. Директорлар Кеңесінің Төрағасы Жалғыз акционердің көзқарасын директорлар Кеңесіне толық жетуін қамтамасыз етеді.

58. Директорлар Кеңесінің Төрағасы Қоғамның даму стратегиясын Жалғыз акционермен бірге талқылайды.

59. Директорлар Кеңесінің Төрағасы директорлар Кеңесіне жаңадан сайланған мүшелеріне қызметті жүргізу бағдарламасын ұсынуды қамтамасыз етуі қажет.

60. Директорлар Кеңесінің Төрағасы Қоғам Басқармасынан және ішкі аудит Қызметінен келген нақты әрі дұрыс ақпараттардың директорлар Кеңесінің мүшелері уақтылы алуын қамтамасыз етуге жауапты.

61. Директорлар Кеңесінің Төрағасы:

1) директорлар Кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның отырысын жүргізеді, осы Жарғыда қарастырылған басқа да қызметтерді атқарады;

2) осы Жарғыда және Қазақстан Республикасының заңнамаларында қарастырылған басқа да сұрақтарды шешеді.

62. Директорлар Кеңесінің Төрағасы болмай қалған жағдайда оның қызметін директорлар Кеңесінің шешімі бойынша директорлар Кеңесінің мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

## 12 БАП. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫНА ШАҚЫРУ

63. Директорлар Кеңесінің отырысы оның директорлар Кеңесі Төрағасының немесе Басқарма Төрағасының бастамасы бойынша не оның талабы бойынша немесе:

1) директорлар Кеңесінің кез келген мүшесінің;
2) Қоғамның Ішкі аудит қызметінің;
3) Қоғамға аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;
4) Жалғыз акционердің талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін.

64. Директорлар Кеңесін шақыру туралы талап директорлар Кеңесінің Төрағасына директорлар Кеңесі ұсынылатын отырысының күн тәртібі бар тиісті жазбаша хабар жіберу арқылы қойылады.

Директорлар Кеңесінің Төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда бастамашы аталған талаппен Қоғам Басқармасына жүгінуге құқылы, ол директорлар Кеңесін шақыруға міндетті.

Директорлар Кеңесінің отырысы Директорлар Кеңесінің Төрағасы немесе Қоғам Басқармасы шақыруы туралы талап келіп түскен күннен бастап 10 (он) күннен кешіктірмей шақыруға тиіс.

Директорлар Кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарда күні, уақыты, отырыс өтетін орыны, сондай-ақ қаралатын мәселелері туралы мәліметтер болуы керек.

Қоғамның директорлар Кеңесінің мүшелеріне отырыстың өткізілетіндігі туралы корпоративтік хатшы хабарлайды.

Директорлар Кеңесінің мүшесі директорлар Кеңесінің отырысына қатыса алмайтындығы туралы Қоғам Басқармасына алдын-ала хабарлауға міндетті.

## 13 БАП. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫ

65. Директорлар Кеңесінің отырысын өткізу дауыс берудің нақты түрін таңдауды негіздей отырып іштей және сырттай дауыс беру түрінде қарастырылады, бірақ дауыс берудің сырттай түрімен отырыстың саны аз көлемде болу керек.

Қоғамның директорлар Кеңесінің күндізгі және сырттай отырысын өткізуге арналған материалдар Қоғамның директорлар Кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізілгенге дейін 10 (он) жұмыс күні бұрын жіберілуі тиіс.

66. Қоғамның директорлар Кеңесінің отырысына арналған материалдарда болуға тиіс:

1) Қоғамның директорлар Кеңесінің Төрағасы қол қойған отырыстың күн тәртібі;
2) отырыста қарауға жататын, Басқарма Төрағасының немесе Қоғам Басқармасының шығарылатын мәселеге жетекшілік ететін мүшесінің қолы қойылған құжаттар мен құжаттардың жобалары;
3) Қоғамның Басқармасы және/немесе өзге де алқалы органдары шешімдерінің көшірмелері (болған және қажет болған кезде);

4) Басқарма Төрағасының қолы қойылған, ұсынылып отырған шешімнің жобасын негіздей отырып, күн тәртібінің әрбір қаралатын мәселесіне түсіндірме жазбалар;

5) Қоғамның директорлар Кеңесі шешімінің жобасы;

6) күн тәртібінің мәселелерін қарау және талдау үшін қажетті өзге де құжаттар, олар болған жағдайда (Қоғамның комитеттері және өзге де алқалы органдары тиісті мәселелер бойынша шешімдерінің тұсаукесерлері, есептері, көшірмелері), көрсетілген мәселелердің күн тәртібіне енгізілуін негіздейтін анықтамалық материалдар.

Бұл ретте Қоғамның директорлар Кеңесі отырысының (күндізгі немесе сырттай) күн тәртібіндегі мәселелер саны 10 (он) аспауға тиіс.

67. Директорлар Кеңесінің отырысын өткізу үшін кворумы директорлар Кеңесі мүшелерінің кемінде жартысы отырыста болған жағдайда кворум бар деп саналады. Міндетті түрде директорлар Кеңесінің отырысына тәуелсіз директорлардың жалпы санының жартысынан кем емес тәуелсіз директорлар ұсынылуы тиіс.

Егер директорлар Кеңесі мүшелерінің жалпы саны осы тармақпен белгіленген кворумға жеткізуге жеткіліксіз болса, директорлар Кеңесі Жалғыз акционерге директорлар Кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау туралы өтініш жасауы қажет.

68. Директорлар Кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Директорлар Кеңесінің шешімдері, егер Заңда өзгеше көзделмесе, директорлар Кеңесінің отырысына қатыскан мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады.

Директорлар Кеңесінің отырысындағы дауыстар тең түскен жағдайда, директорлар Кеңесінің Төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Директорлар Кеңесінің қарауына шығарылған мәселеге мүдделі Директорлар Кеңесінің мүшесі осы мәселе бойынша талқылауға және дауыс беруге қатыспайды, бұл туралы тиісті жазба директорлар Кеңесі отырысының хаттамасына енгізіледі.

69. Белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум болған кезде шешім сырттай дауыс беру арқылы қабылданды деп танылады..

Директорлар Кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде рәсімделуге және оған корпоративті хатшы мен директорлар Кеңесінің Төрағасының қолы қойылуға тиіс.

Шешім қабылдағанда негіз болған бюллетендерді қоса тіркеп, шешім рәсімделген күннен бастап 20 (жиырма) күнтізбелік күн ішінде директорлар Кеңесінің мүшелеріне жолдануы қажет.

70. Директорлар Кеңесінің қатысу тәртібімен іштей өткізілген отырысында қабылданған шешімдер хаттамамен рәсімделеді, ол отырысқа өткен күннен бастап 3 (үш) күн ішінде хатшымен жасалып, оған хатшы және отырысқа қатысқан директорлар Кеңесінің мүшелері қол қойю қажет.

71. Директорлар Кеңесінің корпоративтік хатшысы директорлар Кеңесінің мүшесінің талап етуі бойынша оған директорлар Кеңесінің отырысының хаттамасымен және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдермен

танысу үшін беруге және (немесе) оған хаттама мен шешімнің Қоғамның өкілетті қызметкері қол қойып Қоғамның мөрі басылып куәландырылған көшірмесін беруге міндетті.

72. Жалғыз акционер осы Жарғыны және заң талаптарын бұзу арқылы Қабылданған директорлар Кеңесінің шешіміне, егер көрсетілген шешіммен Қоғамның және (немесе) Жалғыз акционердің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылса, сотқа шағым беруге құқылы.

## 14 БАП. ҚОҒАМ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ

73. Маңызды сұрақтарды қарау және директорлар Кеңесіне ұсыныстар дайындау үшін Қоғамда келесі сұрақтар бойынша директорлар Кеңесінің Комитеттері құрылады:

1) стратегиялық жоспарлау;
2) кадрлар және сыйақылар;
3) ішкі аудит;
4) әлеуметтік сұрақтар.

Қоғамның ішкі құжаттарымен басқа сұрақтар бойынша директорлар Кеңесі комитетін құру қарастырылуы мүмкін.

74. Директорлар Кеңесінің Комитеттері нақты комитетте жұмыс жасау үшін қажетті кәсіби білімді меңгерген директорлар Кеңесінің мүшелері мен сарапшылардан тұрады. Қоғамның директорлар Кеңесін директорлар Кеңесінің мүшесі басқарады. Қоғамның директорлар Кеңесі Комитетінің Төрағалары болып директорлар Кеңесінің тәуелсіз директорлары тағайындалады. Қоғам Басқармасының Төрағасы Қоғамның директорлар Кеңесі Комитетінің Төрағасы бола алмайды.

75. Қоғамның директорлар Кеңесі Комитеттерін қалыптастыру және олардың жұмыс істеу тәртібі, сондай-ақ олардың сандық құрамы директорлар Кеңесі бекітетін Қоғамның ішкі құжаттарында белгіленеді.

## 15 БАП. ҚОҒАМНЫҢ БАСҚАРМАСЫ

76. Басқарма Қоғамның алқалық атқарушы органы болып табылады, ол директорлар Кеңесі мен Жалғыз акционердің айырықша құзіретіне жататын мәселелерден басқа Қоғамның ағымдағы қызметінің барлық мәселелерін шешеді және өзіне жүктелген міндеттер бойынша директорлар Кеңесі мен Жалғыз акционер алдында жауапты болады.

77. Басқарма қызметінің негізі қағидасы адалдық, ақ ниеттілік, парасаттылық, сақтық, тұрақтылық болып табылады.

78. Басқарманың қызметі жалғыз акционердің мүдделерін барынша сақтау қағидаты негізінде құрылады және Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдеріне толық есеп береді.

79. Басқарма Жалғыз акционердің және Қоғамның директорлар Кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

80. Басқарма Жалғыз акционермен саны 3 (үш) мүшеден кем болмай сайланады.

81. Басқарма мүшелерінің құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен, сондай-ақ олардың әрқайсысымен қоғаммен жасалатын еңбек шартымен және Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленеді.

82. Қоғам атынан Басқарма мүшелерімен еңбек шартын Қоғам Басқармасының Төрағасы жасайды.

83. Қоғам Басқармасының құзыреті:

1) Директорлар Кеңесіне Қоғамның даму стратегиясын мақұлдауы және бекітуіне шығаруы;

2) Қоғамның даму стратегиясын іске асыру, Қоғамның директорлар Кеңесі бекіткен Қоғам қызметінің басты көрсеткіштеріне және олардың нысаналы мәндеріне қол жеткізу;

3) Қоғамның даму Жоспары шеңберінде (нақтыланған бюджет болған кезде) Қоғамның (нақтыланған) бюджетін бекіту;

4) Қоғамның даму Жоспарын (Бизнес-жоспарын) дайындау, бекітуге шығару және іске асыру;

5) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту үшін Қоғамның директорлар Кеңесіне дайындау және ұсыну;

6) Қоғам қызметінің қорытындылары туралы жылдық есепті бекіту үшін Қоғамның директорлар Кеңесіне дайындау және ұсыну;

7) Жалғыз акционер мен директорлар Кеңесінің құзыретіне жатпайтын Қоғамның ағымдағы қызметінің мәселелерін реттейтін ішкі құжаттарды бекіту, сондай-ақ олардың орындалуын бақылау;

8) Қоғамның жедел қызметіне басшылық жасау, Жалғыз акционердің, директорлар Кеңесінің шешімдерінің орындалуын қамтамасыз ету;

9) ішкі (қызметтік) ақпаратты қорғауды және оның сақталуын қамтамасыз ету;

10) оның құзыретіне жататын мәселелерді дайындау және директорлар Кеңесіне бекітуге ұсыну;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және (немесе) Жарғымен Қоғамның өзге органдарының, Басқарма Төрағасының құзыретіне жатқызылған мәмілелерді қоспағанда, Қоғамның мәмілелер жасасуы туралы шешім қабылдау;

12) Қоғамның міндеттемелерін Қоғамның меншікті капиталы мөлшерінің 10 (он) пайызына дейінгі шамаға ұлғайту;

13) Қоғамның тәуекелдерді басқару жөніндегі ішкі рәсімдерін бекіту, тиімділікті сақтауды және талдауды қамтамасыз ету, сондай-ақ осындай рәсімдерді жетілдіру;

14) Қоғамның тәуекелдер тіркелімі мен картасын бекіту;

15) тәуекелдерді басқару жөніндегі есептерді қарау;

16) Жалғыз акционердің және Қоғамның директорлар Кеңесінің айрықша құзыретіне жатпайтын Қоғамның қызметін қамтамасыз етудің өзге мәселелері бойынша шешімдер қабылдау.

84. Басқарма Жалғыз акционер мен директорлар Кеңесі қойған мақсаттарды жүзеге асыру үшін қаржы қаражаты мен адам ресурстарын бөлуге жауапты;

85. Басқарма өз отырыстарын күндізгі нысанда өткізеді. Егер отырысқа Басқарма мүшелері санының кемінде жартысы (кворум) қатысса, Басқарма шешім қабылдауға құқылы.

86. Басқарманың шешімі Басқарма мүшелері санының қарапайым көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Басқарма Төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

87. Мәселелерді Басқарманың қарауына шығару құқығы Жалғыз акционерге, директорлар Кеңесінің Төрағасы мен мүшелеріне, Басқарма Төрағасы мен мүшелеріне, сондай-ақ ішкі аудит қызметінің басшысына тиесілі.

## 16 БАП. ҚОҒАМНЫҢ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ

88. Қоғамның Басқарма Төрағасы бірінші басшы болып табылады және Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылық етуді жүзеге асырады.

89. Басқарма Төрағасы, егер оны директорлар Кеңесі құрамына сайлаған жағдайда, директорлар Кеңесіндегі жұмысына сыйақы алмайды.

90. Қоғамның Басқарма Төрағасы:

1) Жалғыз акционер мен директорлар Кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

2) үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғам атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

3) үшінші тұлғалармен, қарым-қатынастарында Қоғамды ұсыну құқығына сенімхаттар береді;

4) Қоғам қызметкерлерін (осы Заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда) қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, оларға көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жазалар қолданады, қоғамның штат кестесіне сәйкес Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларының және айлықақыларына дербес үстемеақылардың мөлшерін белгілейді, Қоғамның атқарушы органының және ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін қызметкерлерді қоспағанда, Қоғам қызметкерлеріне сыйлықақылар мөлшерін айқындайды;

5) өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін атқаруды орган мүшелерінің біріне жүктейді;

6) Қоғам Басқармасының мүшелері арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттіктер саласын және жауапкершілікті бөледі;

7) Басқарманы басқарады;

8) мүліктік емес сипаттағы және нәтижесінде Қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) құны Қоғамның өз капиталының 2 (екі) пайыз мөлшерін құрайтын мүлік мәмілелерін жасайды;

9) Қазақстан Республикасының Заңына және еңбек заңнамасына сәйкес Қоғам атынан ішкі аудит қызметінің қызметкерлерімен және корпоративтік хатшымен еңбек шарттарын жасасады;

10) Қоғамның банктік және басқа шоттарын ашады;

11) директорлар Кеңесіне және Қоғамның Жалғыз акционеріне келесі *есептерді ұсынады:*

- жыл сайынғы - Қоғамның даму Жоспарын (Бизнес-жоспарын) іске асыру туралы;

12) Қоғамның Жалғыз акционеріне:

- Жалғыз акционер белгілеген нысандар мен мерзімдер бойынша Қоғамның даму Жоспарын (Бизнес-жоспарын) және бюджетті іске асыру туралы есептер;

- Жалғыз акционер белгілеген нысандар бойынша және мерзімдерде Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметі туралы есептілік;

13) Қоғам атынан Қоғамның директорлар Кеңесінің құзыретіне кірмейтін шешімдерді қабылдауда барлық сұрақтар бойынша корпоративтік дау-жанжалдарды реттеуді жүзеге асырады, сонымен қатар өз бетімен корпоративтік дау-жанжалдарды реттеу жұмысын жүргізу тәртібін анықтайды;

14) Қоғамның директорлар Кеңесінің мүшелері уақытылы дәл және нақты ақпараттарды алуды қамтамасыз етеді;

15) Қоғам қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын сақтауын бақылауды жүзеге асырады және анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға ден қою шараларын қабылдамағаны үшін жауапты болады;

16) Қоғамның Жарғысында, Жалғыз акционердің шешімдерінде, Қоғамның директорлар Кеңесінде анықталған қызметтерді, сонымен қатар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін басқа да қызметтерді жүзеге асырады.

## 17 БАП. ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

91. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін бақылайтын жүйеге кіретін органдардың, олардың жасау, бекіту, қолдану және ішкі бақылау жүйесін бағалау процесіне қатысты жағдайға байланысты құзыреті жүктеледі.

92. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды, ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару саласындағы бағалауды, корпоративтік басқару және консультация беру саласындағы құжаттарды орындауды жүзеге асыру үшін Қоғамның қызметін жетілдіру мақсатында Ішкі аудит қызметі құрылады.

Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері директорлар Кеңесінің және Қоғам Басқармасының құрамына сайлана алмайды.

93. Ішкі аудит қызметі тікелей директорлар Кеңесіне бағынады және оның алдында өз жұмысы туралы есеп береді. Ішкі аудит қызметіне жетекшілік етуді директорлар Кеңесінің аудит бойынша Комитеті жүзеге асырады. Ішкі аудит қызметінің міндеттері мен функциялары, оның құқықтары мен жауапкершілігі және оның жұмыс тәртібі директорлар Кеңесі бекітетін Қоғамның Ішкі аудит қызметі туралы Ережеде айқындалады.

94. Ішкі аудит қызметі тікелей директорлар Кеңесіне бағынады және оның алдында өз жұмысы туралы есеп береді. Ішкі аудит қызметіне жетекшілік етуді (болған жағдайда) директорлар Кеңесінің аудит бойынша Комитеті жүзеге асырады.

95. Ішкі аудит қызметі белгіленген тәртіппен:

1) директорлар Кеңесіне Қоғамның қызметі туралы тәуелсіз объективті ақпаратты, түсіндірмелер мен түсіндірмелерді толық көлемде және уақтылы негізде ұсынады;

2) жүйелендірілген және дәйекті тәсілді пайдалана отырып, тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару процестерін бағалауды жүргізеді, консультация береді және жетілдіруге ықпал етеді;

3) Ішкі аудит қызметі туралы Ережеге сәйкес өз құзыретіне кіретін өзге де функцияларды жүзеге асырады.

96. Қоғам мен Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің арасындағы еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен реттеледі.

## 18 БАП. ҚОҒАМНЫҢ КОРПОРАТИВТІК ХАТШЫСЫ

97. Қоғам органдары мен лауазымды тұлғалардың корпоративтік басқару саласындағы заңнамаларды, Жарғыны, корпоративтік басқару Кодексін. корпоративтік басқару аумағындағы саясат пен тәжірибені, сондай-ақ Жалғыз акционердің құқықтары мен мүддесін қамтамасыз етуге бағытталған процедураларды қамтамасыз ету корпоративтік хатшыға жүктеледі.

98. Қоғамның корпоративтік хатшысы Қоғам Басқармасы мен директорлар Кеңесінің мүшесі емес, Қоғам қызметкері болады.

99. Қоғамның Корпоративтік хатшысының құзыреті мен қызметі директорлар Кеңесі бекітетін Қоғамның корпоративтік хатшысы туралы Ережеде айқындалады.

100. Корпоративтік хатшы өз міндеттерін тұрақты негізде толық жұмыс күні режимінде орындайды.

101. Корпоративтік хатшы директорлар Кеңесінің отырыстарын дайындауды және өткізуді қамтамасыз етеді, директорлар Кеңесі отырыстарының күн тәртібі бойынша материалдарды тиісінше дайындауды, материалдарды дайындау рәсімдерін сақтауды, директорлар Кеңесінің мүшелеріне барлық қажетті материалдарды қоса бере отырып, директорлар Кеңесі отырысының күн тәртібін уақтылы жіберуді, директорлар Кеңесінің мүшелеріне олар сұратқан құжаттар мен ақпаратты беруді қамтамасыз етеді.

102. Корпоративтік хатшы Қоғамның тиісті органдарының Жалғыз акционердің өтініштерін тиісінше қарауын және Жалғыз акционердің құқықтарын бұзумен байланысты жанжалдарды шешуді қамтамасыз етеді.

103. Корпоративтік хатшыға директорлар Кеңесінің корпоративтік жанжалдың мәні және корпоративтік жанжалды шешудегі делдалдың рөлі туралы барынша ықтимал хабардар болуын қамтамасыз ету, сондай-ақ өз

қызметінде Қазақстан Республикасы заңнамасының, Жарғының, корпоративтік басқару Кодексінің, Корпоративтік хатшы туралы Ереженің және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарының нормалары мен талаптарын сақтау, директорлар Кеңесінің тапсырмасын орындау міндеті жүктеледі.

## 19 БАП. ҚОҒАМНЫҢ ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАЛАРЫ

104. Қоғамның лауазымды тұлғалары тікелей немесе жанама (үшінші тұлға арқылы) қызығушылығы бар сұрақтары бойынша шешім қабылдауда қатыспауы тиіс. Қызығушылығы бар туралы ақпарат уақтылы директорлар Кеңесінің Төрағасына мәлімделуі тиіс.

105. Қоғамның лауазымды тұлғалары (Қоғамның директорлар Кеңесінің мүшелері, Басқарма мүшелері):

1) өздеріне жүктелген міндеттерді Жалғыз акционер мен Қоғамның мүддесі үшін абайлап, парасатты қамқорлықпен және адал ниетпен, дау-жанжалсыз, Жалғыз акционер мен Қоғамның мүддесін ұлағатты мәртебеде қамту тәсілін пайдаланып орындауға міндетті;

2) Қоғам мүлкін пайдалануға немесе Жарғыға және Жалғыз акционер мен Қоғамның директорлар Кеңесінің шешіміне қайшы пайдалануды жіберуге, сонымен қатар жеке мақсатында және аффилилендірілген тұлғалармен мәмілелер жасаған жағдайда қиянат етуге болмайды;

3) тәуелсіз аудит жүргізуді қоспағанда, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік жүйесінің тұтастығын қамтамасыз етуге міндетті;

4) Қазақстан Республикасының заңнамаларының талабына сәйкес Қоғамның қызметі туралы ақпараттың берілуін және ашылуын бақылайды;

5) Қоғамның қызметі туралы ақпараттың құпиялылығын, сонымен қатар егер Қоғамның ішкі құжаттарымен басқа жағдай көрсетілмесе, Қоғамдағы жұмысы тоқтағаннан кейін 3 (үш) жыл ішінде сақтауға міндетті;

6) корпоративтік жанжалдар орын алған (туындаған) жағдайда, жанжалдың орын алуы (туындауы) туралы уақтылы Корпоративтік хатшыға хабар берілуі тиіс;

7) өз қызметінің толық сәйкестігін тек Қазақстан Республикасының заңнамаларының талаптары мен корпоративтік басқару Кодексінің ұстанымдарымен емес, сондай-ақ этикалық стандарт және жалпы қабылданған қағиданың іскерлік этикасымен қамтамасыз етуге міндетті;

8) өзіне қатысты (немесе өзімен байланысты тұлғаларға) не басқаларға қатысты мүдделер дау-жанжалының туындауы мүмкін болатын жағдайларды жібермей өзін ұстауы тиіс.

106. Қоғамның лауазымды тұлғалары өздерінің әрекеттерінен (әрекетсіздігінен) келтірілген зиян үшін, оның ішінде Қоғам мен Жалғыз акционер алдында Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады, сонымен қатар

1) біле тұра жалған ақпарат немесе жаңылысуға әкелетін ақпарат бергені;

2) Заңмен бекітілген ақпарат беру тәртібін бұзу нәтижесінде келген шығынға жауапты.

107. Қоғам Жалғыз акционердің шешімі негізінде лауазымды тұлғаның Қоғамға келтірген зияны мен шығынын өтеу туралы сотқа талап қоюға құқылы.

Қоғамның лауазымды тұлғалары Жалғыз акционерді не Қоғамды шығынға ұшыратқан Қоғам органының шешіміне қарсы дауыс берген жағдайда, не дауыс беруге қатыспаған жағдайда жауапкершіліктен босатылады.

## 20-БАП. ҚОҒАМНЫҢ АҚПАРАТ БЕРУІ, ҚОҒАМ ҚҰЖАТТАРЫ

108. Қоғам Жалғыз акционерінің мүддесіне қатысты Қоғам қызметі туралы ақпаратты Қоғам өзінің Жалғыз акионерінінің назарына 10 (он) күнтізбелік күн ішінде сәйкес фактілер пайда болған мерзімнен бастап, жеткізуге міндетті.

109. Қоғамның Жалғыз акционерінің мүддесіне қатысты ақпараттар болып:

1) Жалғыз акционер мен директорлар Кеңесінің қабылдаған шешімдері және қабылданған шешімдердің орындалуы туралы ақпарат;

2) Қоғамның акцияларды шығару және басқа құнды қағаздарды уәкілеттік органдармен реттеу бойынша бекіту және қаржылық ұйым есептемесі, Қоғамның құнды қағаздарын орналастыруының қорытындысы туралы, Қоғамның құнды қағаздарын өтеу, қор туралы есептемелері, Қоғамның қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары және қаржы нарығын бақылау және реттеу бойынша уәкілетті органдармен жою;

3) Қоғамның мүдделілігі бар мәмілелерді және ірі мәмілелерді жасауы;

4) Қоғамның жеке капиталы көлемінің жиырма бес пайыз және Қоғамның одан көп пайызын құрайтын көлемде қарыз алу;

5) Қоғамның қандай да бір қызмет түрлерін жүзеге асыруға лицензия алуы, Қоғамның бұрын қызметтің қандай да бір түріне алған лицензиясының әрекеті тоқтатылған немесе жойылған болса;

6) Қоғамның заңды тұлғаны ұйымдастыруына қатысуы;

7) Қоғам мүлкін тәркілеу;

8) Қоғам активтерін жалпы көлемінен он және одан да көп пайыз құрайтын баланстық құны бар Қоғам мүлкінің жойылуынан болған төтенше сипаты бар жағдайлардың туындауы;

9) Қоғамның Жарғысына сәйкес Жалғыз акционердің мүдделерін қозғайтын өзге де ақпарат.

Қоғамның қызметі туралы ақпарат, сондай-ақ Қоғамның өзге де жария ақпараты қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында және Қоғамның ресми корпоративтік веб-сайтында Интернет желісінде немесе басқа да бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

110. Жалғыз акционердің талабы бойынша Қоғам жазбаша талап түскен сәттен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген құжаттардың көшірмелерін беруге міндетті.

111. Қоғам Жалғыз акционерді Қазақстан Республикасы заңнамаларының талаптарына сәйкес оның қаржы-шаруашылық қызметтері және нәтижелері туралы нақты ақпаратпен қамтамасыз етеді. Әсіресе акционерлік капитал (акция)

саласындағы мәмілелерге қатысты бұл Жалғыз акционер үшін барынша негізделген және ашық болуы тиіс.

112. Қоғам өзінің аффилирленген тұлғаларының есебін осы тұлғалар ұсынатын мәліметтер негізінде жүргізеді.

113. Қоғам өзінің аффилирленген тұлғаларының тізімін өзі белгілеген тәртіппен бағалы қағаздар нарығын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті органға ұсынады.

114. Қоғамның Жалғыз акционері және лауазымды тұлғалары Қоғам Жарғысы бекітілген күннен бастап 15 күн ішінде, сондай-ақ өзінің аффилирленген тұлғалары пайда болған күннен бастап 7 күн ішінде ақпарат ұсынады.

115. Егер, бұрын Жалғыз акционермен немесе Қоғамның лауазымды тұлғасымен аффилирленген тұлға ретінде көрсетілген тұлғаның қызметі тоқтатылған жағдайда, Жалғыз акционер немесе Қоғамның лауазымды тұлғасы бұл туралы бес күн ішінде Қоғамға хабарлайды.

## 21-БАП. ҚОҒАМНЫҢ АКЦИЯЛАРЫ ЖӘНЕ БАСҚА ДА БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ

116. Қоғам жай акциялар шығарады. Акциялар құжатсыз нысанда шығарылады.

117. Қоғам басқа бағалы қағаздарды, оның ішінде айырбасталатын бағалы қағаздарды шығаруға құқылы, оларды шығару, орналастыру, айналысқа жіберу және өтеу шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасында белгіленеді.

118. Қоғам Қоғамның директорлар Кеңесінің шешімі бойынша Қоғамның одан әрі қызметі үшін қосымша қаражат тарту мақсатында облигациялар шығаруға құқылы. Облигациялардың меншік иелеріне Қоғамды басқаруға қатысу құқығы берілмейді.

119. Облигацияларды шығару тәртібі Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңдарымен реттеледі.

120. Қоғам қабылданған шешім туралы, жарияланған акцияларды орналастыру немесе бұрын сатып алынған акцияларды немесе Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарды өткізу туралы Қоғамның Жалғыз акционерін көрсетілген бағалы қағаздарды сатып алу туралы жазбаша хабарлама арқылы хабардар етеді.

121. Жай акциялар Қоғамның Жалғыз акционеріне Қоғамның Жалғыз акционерінің қарауына шығарылатын шешімдерді қабылдау құқығын, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қоғамның Жалғыз акционерінің тиісті шешімі негізінде Қоғамның таза табысы болған кезде дивидендтер, сондай-ақ Қоғам таратылған кезде мүлкінің бір бөлігін алу құқығын береді.

122. Қоғам акцияларын ұстаушылар тізілімінің жүйесін жүргізуді қоғамның тіркеушісі жүзеге асырады, ол Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қоғамның және оның аффилиирленген тұлғаларының аффилиирленген тұлғасы болмауға тиіс.

123. Қоғаммен сатып алған меншікті акциялар туралы мәліметтер бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізіліміне міндетті түрде енгізілуге тиіс.

124. Қоғамның Жалғыз акционерінің қол қойылған және толық төленген акцияларға құқығын растайтын құжаттар акционерлер тізілімінен көшірмелер болып табылады.

125. Қоғам өзі орналастырған акцияларды Заңмен белгіленген жағдайда ғана кепілге қабылдайды.

126. Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттелмеген акциялар мен облигациялар шығарудың, қозғалысының және оларды есепке алудың басқа да мәселелерін Қоғамның Жалғыз акционері немесе Қоғамның директорлар Кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оларды шығару туралы тиісті шешімдер қабылдаған кезде айқындайды.

## 22-БАП.
## ҚОҒАМНЫҢ ТАЗА ТАБЫСЫН БӨЛУ ТӘРТІБІ. АКЦИЯЛАР БОЙЫНША ДИВИДЕНДТЕР

127. Қоғамның таза табысы (салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер төленгеннен кейін) Жалғыз акционердің шешімімен анықталған тәртіпте үлестіріледі.

Қоғамның жылдық қаржы есебін Жалғыз акционер бекіткен соң таза табысты үлестіруі жүзеге асырылады.

Жалғыз акционердің шешімі негізінде жыл қорытындысы бойынша Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер төленуі жүзеге асырылады.

Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер ақшалай, сондай-ақ Жалғыз акционердің шешімі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғамның құнды қағаздарымен төленеді.

Жалғыз акционер шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында міндетті түрде жариялай отырып, Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

128. Дивиденттерді есептеуге рұқсат етілмейді:

1) оның акциялары бойынша меншікті капиталдың теріс (жағымсыз) мөлшер барысында немесе Қоғамның меншікті капиталының мөлшері дивиденттерді есептеу нәтижесінде теріс (жағымсыз) болған жағдайда;

2) егер Қоғам Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне жауап берсе не көрсетілген белгілер Қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде пайда болса.

129. Қоғам Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес дивидендтерді уақтылы төлеу үшін жауапты болады.

## 23-БАП. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК, ЕСЕПКЕ АЛУ ҚҰЖАТТАМА ЖӘНЕ АУДИТ

130. Күнтізбелік жыл Қоғамның қаржы жылы болып табылады (1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейін).

131. Қоғамның қаржылық есептемесі Қоғамның бухгалтерлік балансы, пайда мен шығындар туралы есепті, ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп, меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есеп, есеп саясаты туралы ақпарат және түсіндірме жазба, сондай-ақ Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес өзге де есептемені қамтиды.

132. Қоғамның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау тәртібі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасында және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарында белгіленеді.

133. Қоғам жыл сайын Жалғыз акционерге Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес аудит жүргізілген өткен жыл бойынша жылдық қаржылық есептілікті талқылау және бекіту үшін ұсынады. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін Қоғамның директорлар Кеңесі Жалғыз акционер шешім қабылдаған күнге дейін 30 (отыз) күннен кешіктірмей алдын ала бекітуге тиіс.

Қоғамның жылдық қаржылық есебін түпкілікті бекіту Жалғыз акционердің шешімімен жүзеге асырылады.

134. Қаржылық есептілікті жасаудың дұрыстығы мен объективтілігі туралы тәуелсіз пікір алу мақсатында, сондай-ақ істердің ағымдағы жай-күйін растау үшін Қоғам заңнама талаптарына сәйкес сыртқы аудиторды (аудиторлық ұйымды) тарта отырып, өткен жылғы жылдық қаржылық есептіліктің аудиті өткізіледі.

135. Қаржылық есептілік пен аудиттің халықаралық стандарттарына сәйкес, Қазақстан Республикасының заңдары мен Жалғыз акционердің шешімімен белгіленген тәртіпте Қоғам жыл сайын қаржылық жылының нәтижесі бойынша оның аяқталуынан кейін белгіленген мерзімінен кешіктірмей аудиторлық тексеру өткізеді.

136. Қоғамға аудит директорлар Кеңесінің, Жалғыз акционердің бастамасы бойынша Қоғам есебімен не Жалғыз акционердің талап етуі бойынша оның есебінен жүргізіледі, бұл ретте Жалғыз акционер ұйымды өз бетінше анықтауға құқылы. Жалғыз акционердің талап етуі бойынша аудит жүргізілген жағдайда, Қоғам аудиторлық ұйым сұратқан барлық қажетті құжаттаманы (материалдарды) беруге міндетті.

137. Егер Қоғам Басқармасы Қоғам аудитін өткізуден бас тартса, аудит кез-келген мүдделі адамдардың талабы бойынша сот шешімімен тағайындалуы мүмкін.

138. Қоғам жыл сайын қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында және Қоғамның Веб-сайтында шоғырландырылмаған жылдық

қаржылық есептілікті және аудиторлық есепті уәкілетті орган белгілеген мерзімде жариялауға міндетті.

139. Қоғам өзге қаржылық есептілікті қосымша жариялауға құқылы.

140. Басқарма директорлар Кеңесіне және Қоғамның Жалғыз акционеріне берілетін қаржылық ақпараттың толықтығы мен дұрыстығы үшін жауапты болады.

## 24 БАП. ІРІ МӘМІЛЕЛЕР

141. Қоғамның ірі мәміле жасасуы туралы шешімді Қоғамның директорлар Кеңесі қабылдайды.

Кредиторларды және Жалғыз акционерді хабардар ету мақсатында Қоғамның директорлар Кеңесі ірі мәміле жасасу туралы шешім қабылдағаннан кейін бес жұмыс күні ішінде Қоғам қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында Мемлекеттік және орыс тілдерінде жариялауға міндетті.

142. Ірі мәміле болып танылады:

- қоғам активтері бағасының жалпы мөлшерінен он не одан да көп пайыз соммасының мүлігін алу немесе айыру қорытындысы бойынша мәміле;
- мәміле немесе өзара байланысты мәмілелердің жиынтығы нәтижесінде қоғам активтері бағасының жалпы мөлшерінен жиырма бес не одан да көп пайызды құнын құрайтын мүлікті (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) сатып алу немесе иеліктен шығару қорытындысы бойынша мәміле;
- мәміле немесе өзара байланысты мәмілелердің жиынтығы нәтижесінде қоғам өзінің орналастырылған бір түрдегі бағалы қағаздарының жалпы санының жиырма бес және одан да көп пайызын сатып алуы немесе сатып алынған бағалы қазаздарды сату туралы мәміле;

143. Қоғам активтері мөлшерінің он және одан да көп пайызы сомасына мүлік сатып алынатын не иеліктен шығарылатын мәмілені жасасу туралы шешім нәтижесінде Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамалық актісіне сәйкес бағалаушы айқындаған осы мүліктің нарықтық құны ескеріле отырып қабылдануға тиіс.

Егер мұндай мәміленің мән-мағынасы ақшалар және (немесе) алғашқы нарықта шығарылған (жарияланған) құнды қағаздар болса, бағалау жасалмайды.

144. Егер нарық бағасын анықтайтын мүлік ұйымдастырылған құнды қағаздар нарығында айналымда жүрген құнды қағаздар болса, онда олардың нарық бағасын анықтау кезінде осы нарықта тұрғызылған сондай құнды қағаздар мен мәмілелер жасау бағасы немесе осы құнды қағаздарға ұсыныстар және сұраныс бағалары ескеріледі.

145. Егер нарық бағасын анықтайтын мүлік сол қоғамның акциялары болса, нарық бағасын анықтау кезінде қоғамның жеке меншік капиталының мөлшері, қоғамның даму жоспарына сәйкес келешектегі оның өзгерістері және нарық бағасын анықтаушы тұлғаның қажетті деп санаған басқа да факторлары ескеріледі.

## 25 БАП. ЕЛЕУЛІ КОРПОРАТИВТІ ОҚИҒАЛАР

146. Маңызды корпоративтік оқиғаларға, оның ішінде: қоғамды қайта құру, қоғаммен ірі мәмілелер жасау, Жарғыға өзгерістер енгізу және басқа да бірқатар мәселелер кіреді, оларды шешу қоғам үшін өте маңызды.

Елеулі корпоративті оқиғалардың туындауына әкеліп соқтыратын шешім қабылдаған кезде, директорлар Кеңесі мен Басқарма Жалғыз акционер мен мүдделі тұлғаларға көрсетілген әрекеттердің орындалуының негізді екендігі ұсынуға міндетті.

Қоғам елеулі корпоративті оқиғаларға жататын сұрактар шешіміне Жалғыз акционердің қатысуын қамтамасыз етеді.

## 26 БАП. ДАУДЫ ШЕШУ

147. Басқарма мүшелері және Қоғамдағы басқа сайламалы тұлғалар арасындағы, Қоғамның заңды және жеке тұлғалармен Қоғамның ісі бойынша барлық даулары келісім арқылы немесе сот тәртібі бойынша шешіледі.

## 27 БАП. ҚОҒАМДЫ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ, ҚОҒАМДЫ ТАРАТУ ТӘРТІБІ

148. Қоғам қызметін қайта ұйымдастыру (біріктіру, бөлу, бөліп шығару, қайта құру) және тарату арқылы тоқтату:

1) Жалғыз акционердің шешімі бойынша;

2) сот шешімі бойынша:

3) Қазақстан Республикасының заңнамаларында көрсетілген басқа негіздер бойынша жүргізіледі.

149. Қоғамды қайта ұйымдастыру Қазақстан Республикаснының заң актілерінде белгіленген ерекшеліктерді ескереп отырып, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

150. Қоғамды ерікті түрде тарату туралы шешім Қоғамның Жалғыз акционері кабылдайды.

151. Қоғамды мәжбүрлі түрде тарату Қазақстан Республикасының заң актілерінде көрсетілген жағдайларда сот жүзеге асырады.

Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, мүдделі тұлғалар Қоғамды тарату туралы талапты сотқа беруі мүмкін.

152. Таратушы комиссия сот шешімімен немесе Қоғамның Жалғыз акционерінің Коғамды тарату туралы шешімімен тагайындалады.

Таратушы комиссия Қоғамды тарату кезінде Қоғамды баскару құзыретіне және Қазақстан Республикасының заңдылықтарымен анықталған тізімдегі іс-әрекеттерді жасауға ие болады.

Ерікті тарату кезінде тарату комиссиясының құрамына Қоғамның кредиторларынан өкілдер, Жалғыз акционердің өкілдері, сондай-ақ Жалғыз акционердің шешіміне сәйкес өзге де тұлғалар енгізілуге тиіс.

153. Қоғамды тарату процедурасы және оның кредиторларының талаптарын канағаттандыру тәртібі Қазақсан Республикасының заңнамаларымен реттеледі.

154. Қоғам таратылған кезде оның жарияланған, сонымен қатар орналастырылған акциялары Қазақстан Республикасы заңнамаларымен белгіленген тәртіп бойынша жойылуға жатады.

## 28 БАП. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

155. Осы Жарғыда реттелмеген барлық мәселелер бойынша Қоғам Қазақстан Республикасының нормативтік құқық актілерімен басшылық етеді.

156. Жарғы бөлімдерінің атаулары оның түсіндірмесіне әсер етпеуі тиіс.

157. Егер осы Жарғы ережелерінің біреуі жарамсыз деп танылса, бұл басқа ережелерің қолданысына әсер етпейді.

Жарамсыз ереже құқықтық тұрғыдан рұқсат етілген, мағынасы жағынан жақын Ережемен ауыстырылады.

158. Осы Жарғыға енгізілетін барлық өзгерістер мен толықтырулар жазбаша ресімделеді, оған уәкілетті адамдар қол қояды және тіркеу немесе қайта тіркеу үшін Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік органдарына ұсынылады (егер мұндай тіркеу немесе қайта тіркеу Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша талап етілсе) және осы Жарғының ажырамас бөлігі болып табылады

**Жалғыз құрылтайшы,**
**«Ақтөбе облысының қаржы**
**басқармасы» ММ-ң басшысы** **Н.Өнербаев**